

Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі № 324 "Созақ ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 180 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 тамызда № 4188 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 8 тармағына сәйкес Созақ ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Созақ ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі № 324 "Созақ ауданы аумағындағы көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындарды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 4 қазанда № 3858 болып тіркелген, 2016 жылғы 08 қазандағы "Созақ үні" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Созақ ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуін;

2) осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Әлмағанбетке жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Полатов